Примбетова Айгуль Имангалиевнаның «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» тақырыбындағы «6D010300- Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі заманда экологиялық білім беру қоғамның басты міндеттерінің бірі. Жеріміздегі табиғаттың тепе-теңдігін сақтау және болашақ ұрпаққа таза әрі сау ортаны қалдыру әрбір азаматтың, әсіресе болашақ педагогтардың алдындағы маңызды міндет. Себебі, білім мен тәрбиені жеткізуші, жаңа буынды дамыту ретінде болашақ педагогтардың рөлі ерекше.

Экологиялық білім мәселесі бүгінгі таңда жаһандық ауқымды өзекті болып отыр. Климаттың өзгеруі, орман жойылуы, су және ауаның ластануы сияқты мәселелер әлем халқын алаңдатады. Осы мәселелерді шешу үшін әрбір адамның саналы әрекеті, экологиялық білімі болуы керек. Болашақ педагогтар, әсіресе жас ұрпақтың экологиялық сауаттылығын қалыптастыруда үлгі көрсетуі тиіс, себебі олардың бойына табиғатқа деген сүйіспеншілікті, жауапкершілікті қалыптастыратын ұстаздар.

Болашақ педагогтардың экологиялық білімдерін дамыту тек кәсіби құзыреттіліктерін арттыру емес, сонымен қатар олардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді процесс. Экологиялық білім оқу процесінің ажырамас бөлігі болып, болашақ педагогтарды экологиялық мәселелерді шешуге бейім, жауапты азамат ретінде дамытуға ықпал етеді.

Болашақ педагогтар экологиялық білімді терең түсінуі және оны күнделікті өмірде қолдана білуі қажет. Экологиялық білім беру - болашақ педагогтар үшін маңызды бағыт. Олардың экологиялық сауаттылығы, табиғатқа деген көзқарасы мен іс-әрекеті жас ұрпақтың санасына әсер етеді. Болашақ педагогтар экологиялық мәселелерді түсінгенде ғана, балаларға бұл білімді дұрыс жеткізіп, оларды табиғатты қорғауға баули алады. Қоғамымыздың, табиғатымыздың, болашағымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған экологиялық білім - біздің ортақ міндетіміз. Осыған байланысты зерттеудің өзекті бағыты «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» анықтау болып табылады.

А.И.Примбетованың диссертациялық зерттеуінің идеясы болашақ педагогтардың оқу әрекетінде экологиялық білімнің құрылымын, деңгейлерін, даму кезеңдерін ескере отырып, оны дамытудың психологиялық педагогикалық шарттарын жетілдірудің негізінде болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыру мүмкіндігі болып табылады.

Диссертацияда жүйелік, субъектілік, тұлғалық-әрекеттік негізінде болашақ педагогтардың оқу әрекетінде экологиялық білімді дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, бұл оқу барысында болашақ педагогтардың тұлғалық әлеуетін өзектендіре отырып, оның барлық компоненттерін тұтас дамытуға мүмкіндік береді.

Ізденуші экологиялық сауаттылық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана және экологиялық қызмет компоненттерінен тұратын болашақ педагогтардың оқу әрекетінде экологиялық білімнің құрылымын ұсынады. Аталған барлық компоненттер және белгіленген өлшемдердің негізінде болашақ педагогтардың оқу әрекетінде экологиялық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық әдістемелер кешені негізделіп, жетілдірілді.

Аталған ғылыми жаңалықтан басқа, А.И.Примбетованың диссертациялық зерттеуінің айқын практикалық маңызы бар.

Диссертациялық жұмыстың рәсімделуі қойылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылып орындалған, диссертациялық жұмыста тақырыбының мазмұны ашылған.

Айгуль Имангалиевнаның диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында алған нәтижелері авторлық бірлестікте жазылған 1-оқу құралы, 1-электрондық ресурс

және 11 ғылыми мақала жарияланды, соның ішінде 2 мақала Web of Science және Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 4 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланған.

Диссертациялық жұмыс үлкен шығармашылық ізденіспен орындалған, зерттеу жұмысының нәтижесі тиянақты, ал ізденуші алдына қойған мақсатын жаңа әрі тиімді әдістерді қолдану арқылы өздігінен орындай білетін, маман ретінде жоғары біліктілігін және терең білімділігін көрсете білді.

Примбетова Айгуль Имангалиевнаның «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық дербестігі айқындалған, өзекті тақырыпқа арналған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, сондықтан диссертациялық жұмысты «6D010300-Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
«Педагогика, психология және бастауыш
оқыту әдістемесі» білім беру
бағдарламасының профессоры Ш.М.Майгельдиева

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись

Адами ресурстарды басқару басқармасы
Управление человеческими ресурсами